

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІНІҢ «ҰЛТТЫҚ БАЛАЛАРДЫ ОҢАЛТУ
ОРТАЛЫҒЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ**

**БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ
ТЫҢДАУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН АНЫҚТАМАЛЫҚ-
НҰСҚАУЛЫҚ**



Астана қ., 2025ж.

Орталықтың миссиясы мен ұстанымы

Миссиясы: Үздік клиникалық практиканы, ғылым мен білімді біріктіру арқылы ерекше қажеттілігі бар пациенттердің өмір сүру сапасы мен денсаулығын жақсарту.

Ұстанымы: Елдегі оңалту ұйымдарының қызметін үйлестіретін, халықаралық сапа және пациенттер қауіпсіздігінің стандарттарына сәйкес оңалту, ғылыми және білім беру қызметін жүзеге асыратын әлемдік деңгейдегі көшбасшы болу.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» КеАҚ туралы жалпы мәлімет

Ұлттық балаларды оңалту орталығы (бұдан әрі – ҰБОО) 2007 жылғы тамыз айынан бастап шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын ретінде қызмет атқарған, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 13 мамырдағы №451 қаулысына («Ұлттық медициналық холдинг» акционерлік қоғамын құру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2008 жылғы 1 шілдедегі №10-2/03-8033 ұсыным хатына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің бұйрығына сәйкес, ҰБОО жарғылық капиталында мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен «Республикалық балаларды оңалту орталығы» акционерлік қоғамы болып қайта ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2008 жылғы 18 желтоқсандағы бұйрығына сәйкес «Республикалық балаларды оңалту орталығы» АҚ-ның мемлекеттік акциялар пакеті «Ұлттық медициналық холдинг» АҚ-ға берілді.

Ұлттық балаларды оңалту орталығы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап «University Medical Center» корпоративтік қорының құрамында болды.

2022 жылғы 24 қаңтардағы №25 қаулыға сәйкес жарғылық капиталында мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы болып құрылды.

Занды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 36.

«Республикалық балаларды оңалту орталығы» АҚ 2014 жылғы 24 маусымда JCI (Joint Commission International) аккредиттеуінен өткен. Орталық 2017 жылғы тамызда, 2021 жылғы ақпанда және 2024 жылғы 24 ақпанда JCI аккредитациясынан өткен, бұл көрсетілетін оңалту қызметтерінің халықаралық сапа және қауіпсіздік стандарттарына толық сәйкестігін растайды.

Орталық қызметінің мақсаты - Қазақстан Республикасында жүйке, тірек-қимыл жүйесі патологиясы бар балалар мен жасөспірімдерге қалпына келтіру емін жүргізу, медициналық, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық оңалтуды одан әрі дамытуды, жетілдіруді қамтамасыз ету жолымен балалар мүгедектігін төмендету, сондай-ақ медицина ғылымы, білім беру және практика саласында заманауи технологияларды енгізу және тарату болып табылады. Орталықтағы жұмыс психологиялық-неврологиялық патологиясы бар балалар мен ересектердің әлеуметтік бейімсіздігіне алып келетін моторлық, психоэмоционалды, когнитивті, сөйлеу бұзылыстарын кешенді, көпмодальды түзетуге бағытталған.

Орталықта оңалту көмегін ұйымдастырудағы басым бағыттар:

- Медициналық оңалту, әлеуметтік бейімдеу, психолого-педагогикалық түзетуді қамтитын көпмодальды, мультипәндік оңалту;

- Кадрлық әлеуетті жетілдіру;
- Ғылыми-инновациялық қызмет;
- МӘМС аясында пациентке бағдарланған оңалту көмегін көрсету жүйесін құру;
- Ақпараттық жүйені енгізу, халықаралық сапа стандарттарын енгізу.

Оңалтудың негізгі әдістері: қимыл функцияларын қалыптастырудың симптоматикалық қолданбалы әдістері (кинезотерапия және гидрокинезотерапия әдістері, роботтандырылған және функционалдық оңалту, механотерапия); физиотерапиялық әдістер; проприоцептивтік коррекция әдісі; «Атлант» киімі; биологиялық кері байланыс әдісі (БОС) – тірек-қимыл жүйесінің, психоэмоциялық және логопедиялық түзету әдістері; моделдеу және ортездеу; ботулинотерапия; когнитивтік және сөйлеу бұзылыстарын симптоматикалық түзету (арнайы логопедиялық, дефектологиялық, психологиялық әдістер); бейімдеу және тұлғаны қалыптастыру әдістері: Монтессори педагогикасы, оқу ортасына интеграция, инклюзивті білім, кәсіби бағдарлау, адаптивті спорт, мәдени-гуманитарлық және басқа ұйымдастырушылық топтық және дара іс-шаралар.

Орталық 38 000 м² жалпы аумақта орналасқан. Оңалту көмегін көрсету үш басқарманың бөлімдерінде жүзеге асырылады:

1. Клиникалық оңалту басқармасы (6 клиникалық бөлім, қабылдау секторы, дәріхана және дәрі-дәрмек тарату секторы).
2. Инновациялық оңалту басқармасы (эрготерапия бөлімі, ботулинотерапия бөлімі, сурдология бөлімі, физикалық медицина және оңалту бөлімі, моделдеу және ортездеу зертханасы, нейрофизиология зертханасы, нейромоторлық локомоция және оңалту техникалық құралдары зертханасы, роботтандырылған оңалту зертханасы).
3. Әлеуметтік-педагогикалық оңалту басқармасы (инклюзивті білім беру бөлімі, коррекциялық-әдістемелік бөлім және әлеуметтік бейімдеу бөлімі). Орталықта оқу залымен кітапхана бар.

Кадрлық әлеуетті арттыру

- Мына бағыттар бойынша денсаулық сақтау ұйымдары жоғары кәсіби білімі бар кадрларының біліктілігін арттыру: Емдеу ісі, Медицина, Мейіргер ісі, Педиатрия.
- Денсаулық сақтау ұйымдарының орта кәсіби білімі бар кадрларының біліктілігін арттыру (Емдеу ісі, Мейіргер ісі, фельдшер, медициналық массажист).
- «Астана медицина университеті» КеАҚ, «Назарбаев университеті» сияқты ұйымдармен жасалған меморандумдар аясында білім беру және ғылыми-зерттеу қызметіне қатысу.

Орталық басшылығы

Басқарма төрағасы — Ажар Ғиният

Төраға орынбасары (медициналық мәселелер бойынша) — Алтынбекова Айгүл Төлебайқызы

Ғылым және білім басқармасының бастығы — Мұқашева Салтанат Болатқызы

Ғылым және білім басқармасы

№	Аты-жөні	Лауазымы	Байланыс
1	Мұқашева Салтанат Болатовна	Ғылым және білім басқармасының бастығы	+7 7172 511543 ncdruno@gmail.com
2	Алибаева Алтын Шайсултановна	Ғылым және білім басқармасы менеджері	+7 7172 511543 ncdruno@gmail.com
3	Синчук Карина Алексеевна	Ғылым және білім басқармасы менеджері	+7 7172 511543 ncdruno@gmail.com
4	Тусупбекова Аружан Ниязбековна	Ғылым және білім басқармасы менеджері	+7 7172 511543 ncdruno@gmail.com
5	Жақсыбаева Бақыт Қусаиновна	Ғылым және білім басқармасы кітапханашысы	+7 7172 511543 ncdruno@gmail.com

Денсаулық сақтау саласының мамандарына қосымша білім беру (бұдан әрі – қосымша білім беру) — бұл мамандардың кәсіби білімін, дағдылары мен икемділіктерін қолдау, кеңейту, тереңдету және жетілдіру мақсатында жүзеге асырылатын оқу процесі, сондай-ақ жаңа (қосымша) құзыреттерді меңгеру.

Біліктілікті арттыру — қосымша білім беру түрі, ол бұрын алынған кәсіби білімді, дағды мен икемділіктерді қолдау, кеңейту, тереңдету және жетілдіруге мүмкіндік береді, сондай-ақ негізгі мамандық аясында жаңа (қосымша) құзыреттерді игеруге бағытталған.

Формалды емес білім беру — бұл оқыту орнына, уақытына және нысанына қарамастан, оқу нәтижелерін растайтын құжат бере отырып, білім беру қызметін көрсететін ұйымдар жүзеге асыратын білім беру түрі.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР кодексінің 221-бабы 6-тармағына сәйкес қосымша және формалды емес білім беру қосымша және (немесе) бейресми білім беру бағдарламаларын іске асыратын және танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында институционалдық аккредитациядан өткен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, ұлттық және ғылыми орталықтар, ғылыми-

зерттеу институттары, аккредиттелген клиникалық базалардағы жоғары медициналық колледждер, денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының клиникалары, университеттік ауруханалар арқылы жүзеге асырылады.

Қосымша білім берудің мақсаты – біліктілік талаптарына сәйкес медициналық немесе фармацевтикалық мамандықтың жалпы және жеке бөлімдері бойынша теориялық білімді жаңарту және тереңдету, сондай-ақ практикалық дағдыларды жетілдіру болып табылады.

Кадрларға қосымша білім берудің міндеттері:

- Кадрлардың медицина және фармация саласында жаңа және жаңартылған теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын алу қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- алынған теориялық білімдерді және практикалық дағдыларды қалыптастыру, практикада бекіту және жинақтау;
- ғылыми дәлелдерге негізделген диагностикалау мен емдеудің жаңа әдістерін практикалық денсаулық сақтауға енгізу.

Біліктілікті арттыру жоғары медициналық білім алған, интернатурада, және/немесе клиникалық ординатурада, және/немесе резидентурада, және/немесе мамандық бойынша қайта даярлықтан өткен кадрлар үшін, сондай-ақ жоғары фармацевтикалық білім алған, оның ішінде мамандық бойынша қайта даярлықтан өткен кадрларға арналған.

Орта кәсіби (техникалық және кәсіби) білім алған кадрлар үшін біліктілікті арттырудың алдыңғы білім деңгейі орта (техникалық және кәсіби) медициналық немесе фармацевтикалық білім және/немесе мамандық бойынша қайта даярлық болып табылады.

Формалды білім беру бағдарламалары аясында ғылыми-ақпараттық тәжірибе алмасу, семинарлар, тренингтер, өзін-өзі оқыту, практикада оқыту (жұмыс орнында тағылымдама) өткізіледі.

Оқу үдерісін ұйымдастыру

Қосымша білім беру бағдарламаларының ұзақтығы біліктілікті арттыру үшін 2 кредиттен (60 сағат) 9 кредитке дейін (270 сағат), сертификаттау курстары үшін 10 кредиттен (450 сағат) 60 кредитке дейін (1800 сағат) болады. Бір кредит 30 академиялық сағатқа тең.

Оқу үлгерімін ағымдағы бақылауды ұйымдастыру және өткізу

Қосымша білім беру бағдарламалары тыңдаушыларының бастапқы (негізгі) білім деңгейін анықтау үшін базалық бақылау, оқу барысында ағымдағы бақылау,

оқу аяқталғаннан кейін қорытынды бақылау жүргізіледі. Курстар тыңдаушыларының бастапқы оқу жетістіктері ауызша сұрау арқылы бағаланады.

Курс тыңдаушыларының ағымдағы оқу үлгерімін бақылау келесі бағаларды қамтиды:

- практикалық тапсырмаларды орындауы;
- өзіндік жұмысты (ӨЖ) орындауы.

Жұмыс оқу жоспарына енгізілген барлық жұмыс түрлері курстың соңына дейін тыңдаушылар тарапынан орындалуы тиіс.

Оқу үлгерімін аралық және қорытынды бақылау білімнің әртүрлі түрлерін қарастырады (тестілеу және практикалық сабақтар).

Оқу тәртібі

- Оқу курсы білім беру бағдарламасына сәйкес бекітілген кестеге сай оқу басталған бірінші күні басталады. Бекітілген мерзімде сабаққа қатыспаған тыңдаушылар өткен сабақтары үшін ақшалай өтемақысыз оқуға қабылданады.
- Оқытуға барлық құжаттарын тапсырған және қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, инфекциялық бақылау, қол гигиенасы туралы нұсқаулықтан өткен, ақпараттандырылған келісімге қол қойған тыңдаушылар қабылданады.

ГЛОССАРИЙ

Бұл анықтамалықта келесі терминдер мен түсініктер қолданылады:

Біліктілік	маманның кәсіби даярлық немесе білім деңгейі.
Үлестіріме материал	сабақ барысында тыңдаушылардың тақырыпты сәтті меңгеруіне мотивация беру үшін таратылатын көрнекі иллюстрациялық материалдар (тезистер, лекциялар, сілтемелер, мысалдар, глоссарий, дербес жұмыс тапсырмалары және т.б.).
Аралық бақылау	бекітілген оқу бағдарламасына сәйкес курстар тыңдаушыларының оқу жетістіктерін тексеру.
Маманның өзіндік жұмысы (ӨЖ)	оқытушы тарапынан тыңдаушыларға дербес зерттеуге берілген тақырыптар тізбесі бойынша жүргізілетін жұмыс, оқу-

	әдістемелік әдебиеттер мен ұсыныстармен қамтамасыз етіледі және тесттер, бақылау сабақтары, рефераттар, есептер арқылы бақыланады.
Силлабус (Syllabus)	пәннің мақсаттары мен міндеттерін, қысқаша мазмұнын, әр сабақтың тақырыбы мен ұзақтығын, пән саясатын, бағалау критерийлерін, рубеждік бақылау кестесін және әдебиеттер тізімін қамтитын жұмыс оқу бағдарламасы.
Ағымдағы бақылау	курстық сабақтарды жүргізетін оқытушы тарапынан әр тақырып немесе бөлім бойынша маманның білімін жүйелі түрде тексеру.
ПОӘК	нақты пән бойынша оқыту үдерісін толық жүзеге асыруға қажетті оқу-әдістемелік кешен.
Тыңдаушы	қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымға оқуға қабылданған тұлға